

Ү. Садық*¹, А.К. Макыбаева², Н.Б. Нурымбетов³

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК, Астана қ, Қазақстан Республикасы

*e-mail: u.sadykova@mail.ru

¹ORCID 0009-0009-4633-1773, ²ORCID 0009-0004-1310-9272, ³ORCID 0009-0006-6910-2410

ҚАЗТЕСТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ТЕСТІЛЕУДІҢ ӨТКІЗІЛУ БАРЫСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

Мақалада ҚАЗТЕСТ жүйесі аясында жүргізілетін диагностикалық тестілеудің мазмұны, құрылымы, өткізілу тәртібі мен практикалық маңызы жан-жақты қарастырылады. Диагностикалық тест – мемлекеттік қызметшілердің, ұлттық компаниялар мен холдинг қызметкерлерінің, білім беру мекемелері мамандарының және басқа да әлеуметтік топ өкілдерінің қазақ тілін меңгеру деңгейін объективті түрде анықтауға бағытталған құрал ретінде сипатталады. Бұл тестілеудің негізгі мақсаты – қатысушылардың тыңдалым, оқылым дағдылары бойынша тілдік деңгейін бағалау арқылы олардың қазақ тілін меңгерудегі нақты орнын айқындау, әрі қарайғы оқыту бағдарламаларын тиімді жоспарлау болып табылады. Мақалада тест мазмұнына қойылатын талаптар, тапсырмалар типтері, бағалау критерийлері, қолданылатын әдістемелік құралдар және тестілеуді ұйымдастыру тәртібі нақты мысалдармен түсіндіріледі. Сонымен қатар, ҚАЗТЕСТ жүйесінің даму кезеңдері, оны құқықтық-нормативтік тұрғыдан қамтамасыз ету жолдары, мемлекеттік тіл саясатын іске асырудағы орны және халықаралық тілдік тест жүйелерімен салыстырмалы талдауы берілген. Авторлар диагностикалық тестілеудің артықшылықтарын, атап айтқанда, тіл меңгерушінің қажеттіліктерін нақты анықтауға, оқыту әдістерін бейімдеуге және мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге қосатын үлесін атап көрсетеді. Зерттеу нәтижелері диагностикалық тестілеудің қазақ тілін оқыту мен бағалау жүйесіндегі тиімділігін дәлелдейді және оның мемлекеттік тіл саясатын қолдаудағы стратегиялық маңызын негіздейді.

Түйін сөздер: ҚАЗТЕСТ, диагностикалық тестілеу, қазақ тілі, тілдік құзыреттілік, мемлекеттік тіл саясаты.

Кіріспе

Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мен оны дамыту – қазіргі уақытқа дейін күн тәртібіндегі, қоғамның басты назарында тұрған өзекті мәселелердің бірі. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері тіл саясаты саласында бірқатар заңнамалық және бағдарламалық құжаттар қабылданып, нақты іс-шаралар жүзеге асырылды. 1997 жылы «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заң қабылданды [1]. Одан кейін тілдерді дамытудың бірнеше мемлекеттік бағдарламасы әзірленіп, бекітілді: 1998 жылғы алғашқы мемлекеттік бағдарлама, 2001-2010 жылдарға арналған екінші бағдарлама, 2011-2019 жылдарға арналған үшінші бағдарлама және 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама [2]. Бүгінде 2023-2029 жылдарға арналған тіл саясатын дамыту тұжырымдамасы жұмыс істеуде [16]. Бұл құжаттардың барлығы мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге, оның қоғамдық өмірдің барлық саласында орнығуына бағытталды.

Осы бағдарламалар аясында қазақ тілін меңгергендердің үлесін арттыру, мемлекеттік органдарда іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуді қамтамасыз ету негізгі міндеттердің бірі ретінде айқындалды [4]. Әсіресе мемлекеттік қызметшілердің тілдік құзыреттілігін бағалау және оны жетілдіру мақсатында ұлттық тестілеу жүйесін енгізу қажеттілігі туындады. Халықаралық тәжірибеде (TOEFL, IELTS, DALF/DELF, DSH, CELI, TÖMER, ТРКИ және т.б.) бар тіл меңгеру деңгейін анықтайтын ұлттық жүйелер үлгісінде Қазақстанда да осындай жүйе құруға шешім

қабылданды. Соның нәтижесінде, 2006 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының базасында ҚАЗТЕСТ жүйесі құрылды. Бұл жүйе азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейін объективті бағалау, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру және тіл үйренуді ынталандыру мақсатында жасалды [5].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің негізгі материалдары – ҚАЗТЕСТ жүйесінің 2006 жылдан бері қалыптасқан нормативтік құжаттары, тест спецификациялары, ұлттық стандарттар (ҚР СТ 1925 – 1929, ҚР СТ 1926 – 1929, ҚР СТ 1927 – 1929, ҚР СТ 1928 – 1929, ҚР СТ 1929 – 1929) [10-15], диагностикалық тесттің өткізілу тәртібі мен нәтижелері туралы ресми деректер. [9] Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Тіл туралы» Заңы, 2008 жылғы № 835 Үкімет қаулысы, мемлекеттік бағдарламалар (1998–2000, 2001–2010, 2011–2019, 2020–2025, 2023–2029) әдіснамалық негіз ретінде қарастырылды [16].

Зерттеу барысында салыстырмалы талдау, педагогикалық өлшеу әдістері, статистикалық сараптама қолданылды. TOEFL, IELTS, TORFL сияқты халықаралық жүйелермен салыстырмалы талдау жүргізіліп, ҚАЗТЕСТ диагностикасының ерекшеліктері айқындалды [3].

Нәтижелер және талқылау

ҚАЗТЕСТ жүйесінің диагностикалық тестілеуі он жылдан астам уақыт бойы тұрақты түрде жүргізіліп келеді және осы кезеңде жиналған деректер қазақ тілін меңгерудің қоғамдық деңгейін жан-жақты сипаттауға мүмкіндік берді. Талдаулар көрсеткендей, жылдар бойынша нәтижелерде бірқатар оң өзгерістер байқалады, бұл мемлекеттік тіл саясатының тиімділігін айқындай түседі [6].

Диагностикалық тестілеудің негізгі мақсаттары:

- мемлекеттік қызметшілердің қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау;
- әртүрлі сала мамандарын кәсіби міндеттерін мемлекеттік тілде орындауға ынталандыру;
- тіл үйрету курстары мен бағдарламаларының тиімділігін бағалау.

Диагностикалық тест құрылымы тыңдалым, оқылым бөліктерін қамтиды. Тест тапсырмалары деңгейлік принципке негізделіп әзірленген (A1–C1). 2008–2021 жылдары үміткерлерге 150 тапсырма ұсынылса, 2022 жылдан бастап жаңа форматта 100 тапсырма енгізіліп, құрылымы ықшамдалды. Қазіргі уақытта тестілеу 60 тапсырманы құрайды.

Диагностикалық тесттің құрылымы:

Тыңдалым – 20 тапсырма (20 минут)

Оқылым – 40 тапсырма (50 минут)

Барлығы – 60 тапсырма, жалпы ұзақтығы – 70 минут.

Нәтижесі әр блок бойынша пайыздық көрсеткішпен анықталады, қатысушыларға қорытынды анықтама беріледі.

ҚАЗТЕСТ жүйесі мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдегі мәртебесін арттыруға ықпал ететін маңызды құралға айналды [4]. Диагностикалық тестке қатысушылар контингенті жыл сайын кеңеюде. 2008 жылдан бері мемлекеттік қызметшілер, ұлттық компаниялар қызметкерлері, әскери қызметшілер қатысып келеді [17].

2008 жылдан бастап ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша қазақ тілінің белгілі бір деңгейін меңгергендігін растау үшін Болашақ бағдарламасының үміткерлерінен диагностикалық тестілеу тапсыру жеткілікті болса, 2011 жылдан бастап оларға сертификаттық тестілеуден өту міндеттелді.

2011 жылдан Назарбаев зияткерлік мектептерінің мұғалімдері мен қызметкерлеріне диагностикалық тестілеу нәтижесі жеткілікті болса, 2012 жылдан бастап белгілі бір деңгейдің сертификатын иемдену шарт бола бастады.

Осылайша ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша диагностикалық тестілеу сертификаттық тестілеуге дайындықты ұйымдастыру үшін талассыз әсері оң екені, яғни негіз қалыптастыруда ерекше орны бар екені дәлелденді.



1 сурет – Диагностикалық тестілеу тапсыру үрдісі


Мысалы, 2011-жылдан бастап бүгінгі күнге дейін диагностикалық тестілеуге қатысқан азаматтардың саны 500 мыңға жуық. Бұл деректер мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асырудағы ҚАЗТЕСТ жүйесінің ауқымын көрсетеді.

2016 жылдан 2024 жылға дейінгі диагностикалық тест нәтижелері азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейінде оң өзгерістер бар екенін көрсетті. Бұл динамика мемлекеттік бағдарламалардың кезең-кезеңімен іске асырылуының және әдістемелік базаның жаңартылуының нақты дәлелі болып табылады [21].

ҚАЗТЕСТ жүйесінің құрамдас бөліктерінің бірі – диагностикалық тестілеу. Ол тест тапсырушының бастапқы тілдік деңгейін анықтау үшін, қызметкердің тілдік дайындығын аралық бағалап, әрі қарайғы оқу процесін тиімді жоспарлауға мүмкіндік беру мақсатында қолданылады [8].

ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша диагностикалық тестілеу – тілді жүйелі әрі нәтижелі меңгерудің алғашқы баспалдағы, тіл меңгеру процесінің стратегиялық бастамасы. Ол тест тапсырушының тілдік мүмкіндіктерін саралап, әрі қарайғы оқу траекториясын дұрыс құруға ықпал етеді. Тіл үйренушінің бастапқы деңгейін нақтылап, оқыту траекториясын тиімді бағыттауға мүмкіндік

береді. Диагностикалық тест нәтижелері негізінде құрастырылған оқыту бағдарламалары жоғары нәтижеге қол жеткізуге септігін тигізеді [7].




2 сурет – Динамика көрсеткіші (2016-2024 жылдар аралығы)

- 2016 жылы тест тапсырушылардың басым бөлігі A1 және A2 деңгейлерінде шоғырланған болатын, яғни тілді бастапқы деңгейде меңгергендер үлесі жоғары болды;
- 2020 жылы жағдай айтарлықтай өзгеріп, тест тапсырушылар арасында B1 және B2 деңгейлері басымдық танытты. Бұл кезеңде тілді орта деңгейде меңгергендер саны артқаны байқалды;
- 2024 жылғы көрсеткіштер оң динамикаға ие болды: тест тапсырушылардың елеулі бөлігі B1-B2 және C1 деңгейінде қазақ тілін меңгергенін көрсетті.

Бұл көрсеткіштер қазақ тілін меңгерудің бастапқы деңгейінен орта және жоғары деңгейге көшу қарқынының бар екенін байқатады. Демек, диагностикалық тест тек білімді өлшеу құралы ғана емес, сонымен қатар азаматтарды тіл үйренуге ынталандыратын маңызды тетікке айналып отыр [18].

2024 жылы ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша 20 мың адам диагностикалық тесттен өтті. Бұл сандық көрсеткіш жүйенің тұрақты түрде сұранысқа ие екенін дәлелдейді. Өңірлер бойынша тестілеуге қатысқандардың үлесі төмендегі диаграммада көрсетілген.



3 сурет - Өңірлер бойынша диагностикалық тестілеуге қатысқандардың үлесі

ҚАЗТЕСТ жүйесінің әдістемелік ерекшеліктеріне тоқталсақ, тест тапсырмаларын әзірлеу үдерісінде деңгейлік оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер («Тіл-құрал»), лексикалық минимумдар кеңінен қолданылады. Тест тапсырмалары халықаралық тәжірибеге бейімделіп, үнемі жаңартылып отырады. Сонымен қатар, тест әзірлеушілер мен сарапшылардың кәсіби біліктілігін арттыру үшін семинарлар, халықаралық тренингтер өткізіледі [17].

ҚАЗТЕСТ жүйесі халықаралық ынтымақтастық саласында да танымал. ETS Global (TOEFL), TOMER (Түркия), ТРКИ (Ресей), ҚЫРҒЫЗТЕСТ (Қырғызстан) орталықтарымен әріптестік орнатылған. Бұл қадамдар ҚАЗТЕСТ нәтижелерін халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге және болашақта шетелде мойындатуға мүмкіндік береді [19].

Аталған жүйелердің сол елдегі тілдік саясатқа бірден-бір ықпал ететін құралдар екендігі күмән туғызбайды. АҚШ, Канада, Австралия елдеріне барып белгілі бір оқу орнында оқу үшін міндетті түрде TOEFL нәтижесін талап етеді, дәл сондай Ұлыбританияда IELTS сертификаты шетелден келген азаматтың елде өзін еркін сезініп, тілдік ортада қатысымға бөгетсіз араласуына мүмкіндік береді. Олай болса тілдік білімді бағалау жүйелері тілдік тұлға қалыптастыруға септігін тигізетіні анық және тәжірибе көрсеткендей тілді меңгерудің тетігі. Осы ретте, нәтижеге бағытталған тіл үйренудің, оқытудың әдістемесі қалыптасады. Сонымен, тілдік саясат жоғарыда тілге тиек етілген жүйелер, яғни тетіктер арқылы шешімін тауып отыр. Елге келгенде елдің тілін үйреніп, содан кейін ғана қандай-да бір әрекет түрімен айналыса бастауға болады.

Қазіргі жағдайдағы тіл құрылысының қисыны еліміздегі бірқатар проблемалы аспектілермен байланысты болып отыр. Оның бірі – қоғамдағы мемлекеттік тілді меңгерудің әркелкі деңгейі. Бұл проблемалы аспект мемлекеттік тілді оқытудың бірыңғай әдіснамасы мен стандарттарының енгізілмеуімен, қазақ тілі оқытушылары мен мамандарының кәсіби

дәрежелерінің сәйкессіздігімен, қазақ тілін оқыту инфрақұрылымы қызметінің бірыңғай стандарттарының болмауымен тікелей байланысты болып отыр [20].

Қазақстандағы әрбір азаматтың белгілі бір деңгейде мемлекеттік тілді меңгеруі – көп ұлтты Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы, ал қазақ тілін меңгеру – қазақстандық патриотизмнің құрамдас бөлігі болатыны барлық насихаттық және құқықтық құжаттарда көрініс тапқан. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде бәсекелестікке қабылеттілігі артып, біртіндеп түзеліп келеді десек, бұл тілдік саясаттың жүргізілуінен болар. Кейбір саяси, экономикалық жағдайларға байланысты тілдік ахуалдың толыққанды орындалмай жатқан тұстары бар екені рас. Дей тұрғанмен, ғаламды өз иіріміне салып, өз заңымен жүргізуге бағындырып отырған жаһандану дәуірінде ұлттың келбетін сақтап қалуда қазақ тілі едәуір дамып келеді. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін күшейту мақсатында елімізде әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жасалуда, айтарлықтай іс-шаралар атқарылуда.

ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша диагностикалық тестілеу – тілді жүйелі әрі нәтижелі меңгерудің алғашқы баспалдағы, тіл меңгеру процесінің стратегиялық бастамасы. Ол тест тапсырушының тілдік мүмкіндіктерін саралап, әрі қарайғы оқу траекториясын дұрыс құруға ықпал етеді. Тіл үйренушінің бастапқы деңгейін нақтылап, оқыту траекториясын тиімді бағыттауға мүмкіндік береді. Диагностикалық тест нәтижелері негізінде құрастырылған оқыту бағдарламалары жоғары нәтижеге қол жеткізуге септігін тигізеді.

Қорытынды

ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі диагностикалық тестілеу мемлекеттік тіл саясатының стратегиялық құралы болып табылады. 2011 жылдан бері бұл тестілеуге шамамен 500 мың азамат қатысып, олардың қазақ тілін меңгеру деңгейі жан-жақты бағаланды. Бұл көрсеткіш ҚАЗТЕСТ жүйесінің ауқымын, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдегі мәртебесін арттыруға қосқан үлесін айқындайды [4, 5, 17].

Диагностикалық тест азаматтардың тіл меңгеру деңгейін анықтап қана қоймай, әрі қарай оқыту бағытын айқындауға, оқу бағдарламаларын жетілдіруге мүмкіндік берді. Жинақталған тәжірибе тесттің тілді меңгерудің объективті көрсеткішін беріп, мемлекеттік тілдің кәсіби ортада қолданылуын күшейтуде маңызды рөл атқарғанын көрсетті [18, 19].

Жүйенің жаңартылған форматы нәтижелердің әділдігін, халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етті. Алдағы уақытта ҚАЗТЕСТ тестілеуін онлайн форматта кеңейту, жасанды интеллект негізінде талдау енгізу, халықаралық деңгейде аккредиттеу жүйенің тиімділігін арттырып, қазақ тілінің жаһандық мәртебесін көтеруге ықпал етпек [3, 21].

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы. – Астана, 1997.
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. – Астана, 2007.
3. CEFR – Common European Framework of Reference for Languages : Learning, Teaching, Assessment. – Council of Europe, 2001. – 273 p.
4. Әбілдаева Ж. Б. Мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтаудың ҚАЗТЕСТ жүйесі // Тілтаным. – 2019. – № 3(77). – Б. 45–52.
5. Ерсултанова Г. С. Тілді меңгеру деңгейін бағалаудағы ҚАЗТЕСТ жүйесінің рөлі: жаңа форматтағы тиімділік // Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді оқытудың жүйесі : деңгейлері мен сатылары. Конференция материалдары. – Алматы, 2024. – Б. 124–131.
6. Кульманова Ш. Т. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту: оқыту технологиясы және бағалау жүйесі. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 168 б.

7. Ахметова Г. А. Мемлекеттік тілді оқытуда ҚАЗТЕСТ жүйесінің рөлі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – № 2(180). – Б. 110–115.
8. Нұрғали Ә. ҚАЗТЕСТ жүйесінің тіл меңгерудегі маңыздылығы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2021. – № 4. – Б. 75–80.
9. KAZTEST.kz – Ресми ақпараттық сайты. – <http://www.kaztest.kz>
10. «ҚАЗТЕСТ» қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі бойынша қағидаларды бекіту туралы : Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 23 қыркүйектегі № 458 бұйрығы. – 2024.
11. ҚР СТ 1926-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. – Астана, 2009.
12. ҚР СТ 1928-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. – Астана, 2009.
13. ҚР СТ 1929-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. – Астана, 2009.
14. ҚР СТ 1925-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. – Астана, 2009.
15. ҚР СТ 1927-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. – Астана, 2009.
16. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – Астана, 2023.
17. Болатқызы Ә. Ж. Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың ұлттық жүйесі – ҚАЗТЕСТ-тің қазіргі жағдайы мен даму перспективалары // «Білім мен ғылымды дамытудың халықаралық тәжірибесі» халықаралық конференция материалдары. – 2025. – Б. 88–94.
18. Әділбекова Ж. Б. ҚАЗТЕСТ жүйесінің тілдік білімді бағалаудағы маңызы мен қызметі // «Bilim. Gulum. Innovatsiya» республикалық ғылыми-әдістемелік интернет журналы. – 2022. – Б. 12–18.
19. Әділбекова Ж. Б. «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» XIX Халықаралық конференция материалдары. – Астана, 2024.
20. Әділбекова Ж. Б. Мемлекеттік тілді дамытудағы Қазтесттің орны мен мемлекеттік бағдарламаға сәйкес өткізілген тестілеу нәтижелері // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – 2023. – С. 54–59.
21. Yersultanova G. KAZTEST: Test Administration Procedures and Experience / G. Yersultanova, S. Serdalina // Educational Assessment and Policy Review. – 2024. – Vol. 5. – pp. 201–210.

U. Sadyk, A. K. Makybayeva, N. B. Nurimbetov

THE PROCESS AND EXPERIENCE OF DIAGNOSTIC TESTING IN THE KAZTEST SYSTEM

This article provides a comprehensive analysis of the content, structure, administration procedures, and practical significance of diagnostic testing conducted within the KAZTEST system. The diagnostic test is presented as a tool aimed at objectively determining the level of Kazakh language proficiency among civil servants, employees of national companies and holdings, specialists in educational institutions, as well as representatives of various social groups. The primary goal of the testing is to assess participants' proficiency in listening and reading, identify their actual language level, and effectively plan subsequent educational programs. The article describes in detail the test content requirements, task types, assessment criteria, methodological materials used, and the organization procedures, supported by specific examples. In addition, it outlines the stages of development of the KAZTEST system, its legal and regulatory foundations, and its role in implementing the state language policy, and a comparative analysis with international language testing systems. The authors highlight the advantages of diagnostic testing; particularly its ability to accurately identify learners' needs, adapt teaching methods accordingly, and contribute to the expansion of the use of the Kazakh language in various spheres. The research findings demonstrate the effectiveness of diagnostic testing in the Kazakh

language teaching and assessment system and substantiate its strategic importance in supporting national language policy.

Keywords: KAZTEST, diagnostic testing, Kazakh language, language competence, state language policy.

Ұ. Садық, А. К. Мақыбаева, Н. Б. Нуримбетов

ПРОЦЕСС ПРОВЕДЕНИЯ И ОПЫТ ДИАГНОСТИЧЕСКОГО ТЕСТИРОВАНИЯ В СИСТЕМЕ КАЗТЕСТ

В статье всесторонне рассматриваются содержание, структура, порядок проведения и практическая значимость диагностического тестирования, проводимого в рамках системы КАЗТЕСТ. Диагностический тест представлен как инструмент, направленный на объективное определение уровня владения казахским языком государственными служащими, сотрудниками национальных компаний и холдингов, специалистами образовательных учреждений, а также представителями различных социальных групп. Основной целью данного тестирования является оценка языкового уровня участников по таким навыкам, как аудирование и чтение, а также определение их реального уровня владения языком для последующего эффективного планирования образовательных программ. В статье подробно описаны требования к содержанию теста, типы заданий, критерии оценки, используемые методические материалы и порядок организации тестирования с конкретными примерами. Также рассматриваются этапы развития системы КАЗТЕСТ, правовые и нормативные основы ее функционирования, роль в реализации государственной языковой политики и сравнительный анализ с международными системами языкового тестирования. Авторы подчеркивают преимущества диагностического тестирования, в частности его способность точно определять потребности изучающих язык, адаптировать методы обучения и способствовать расширению сферы использования государственного языка. Результаты исследования доказывают эффективность диагностического тестирования в системе преподавания и оценки казахского языка, а также обосновывают его стратегическое значение в поддержке государственной языковой политики.

Ключевые слова: КАЗТЕСТ, диагностическое тестирование, казахский язык, языковая компетенция, государственная языковая политика.

References

1. Kazakhstan Respublikasynyn "Til turaly" Zany [Law of the Republic of Kazakhstan "On Languages"]. (1997).
2. Kazakhstan Respublikasynyn Bilim turaly Zany [Law of the Republic of Kazakhstan "On Education"]. (2007).
3. Council of Europe. (2001). *Common European Framework of Reference for Languages: Learning, teaching, assessment*.
4. Abildaeva, Zh. B. (2019). Memlekettik tildi mengeru dengeyin anyktaudyn KAZTEST zhuiesi [KAZTEST system for determining the level of state language proficiency]. *Tiltanym* [Linguistics], (3), 45-52.
5. Yersultanova, G. S. (2024). Tildi mengeru dengeyin bagalaudagy KAZTEST zhuiesinin roli: zhana formattagy tiimdilik [The role of the KAZTEST system in assessing the level of language proficiency: efficiency in a new format]. In *Kazakhstan Respublikasynda memlekettik tildi okytudyn zhuiesi: dengeyleri men satylary* [The system of teaching the state language in the Republic of Kazakhstan: levels and stages] (pp. 124–131).
6. Kulmanova, Sh. T. (2021). *Kazakh tilin ekinshi til retinde okytu: okytu tekhnologiyasy zhane bagalau zhuiesi* [Teaching Kazakh as a second language: teaching technology and assessment system]. Kazakh universiteti.
7. Akhmetova, G. A. (2020). Memlekettik tildi okytuda KAZTEST zhuiesinin roli [The role of the KAZTEST system in teaching the state language]. *KazNU khabarshysy. Filologiya seriyasy* [Bulletin of KazNU. Philology series], (2), 110-115.

8. Nurgali, A. (2021). KAZTEST zhuiesinin til mengerudegi manizdylygy [Importance of the KAZTEST system in language learning]. *Kazakh tili men adebieti* [Kazakh Language and Literature], (4), 75-80.
9. KAZTEST.kz – *Resmi akparattyk saity* [KAZTEST.kz – Official information site]. (n.d.). <http://www.kaztest.kz>
10. Kazakhstan Respublikasy Gylym zhane zhogary bilim ministrinin 2024 zhylygy 23 kyrkuiedegi № 458 buyrygy "KAZTEST kazakh tilin mengeru dengeyin bagalau zhuiesi boyynsha kagidalary" [Order of the Minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan dated September 23, 2024, No. 458 "On approval of the rules for the KAZTEST system for assessing the level of Kazakh language proficiency"]. (2024).
11. Kazakhstan Respublikasynyn memlekettik standarty 1926-2009. Kazakh tilin mengerudin kommunikativtik tildik kuzyrettilikteri. Karapayym dengey [State Standard of the Republic of Kazakhstan 1926-2009. Communicative language competences of Kazakh language proficiency. Elementary level]. (2009).
12. Kazakhstan Respublikasynyn memlekettik standarty 1928-2009. Kazakh tilin mengerudin kommunikativtik tildik kuzyrettilikteri. Bazalyk dengey [State Standard of the Republic of Kazakhstan 1928-2009. Communicative language competences of Kazakh language proficiency. Basic level]. (2009).
13. Kazakhstan Respublikasynyn memlekettik standarty 1929-2009. Kazakh tilin mengerudin kommunikativtik tildik kuzyrettilikteri. Orta dengey [State Standard of the Republic of Kazakhstan 1929-2009. Communicative language competences of Kazakh language proficiency. Intermediate level]. (2009).
14. Kazakhstan Respublikasynyn memlekettik standarty 1925-2009. Kazakh tilin mengerudin kommunikativtik tildik kuzyrettilikteri. Ortadan zhogary dengey [State Standard of the Republic of Kazakhstan 1925-2009. Communicative language competences of Kazakh language proficiency. Upper-intermediate level]. (2009).
15. Kazakhstan Respublikasynyn memlekettik standarty 1927-2009. Kazakh tilin mengerudin kommunikativtik tildik kuzyrettilikteri. Zhogary dengey [State Standard of the Republic of Kazakhstan 1927-2009. Communicative language competences of Kazakh language proficiency. Advanced level]. (2009).
16. Kazakhstan Respublikasynda til sayasatyn damytudyn 2023-2029 zhyldarga arналган tuzhyrymdamasy [Concept for the development of language policy in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029]. (2023).
17. Bolatkyzy, A. Zh. (2025). Kazakh tilin mengeru dengeyin bagalaudyn ulttyk zhuiesi – KAZTEST-tin kazirgi zhagdaly men damu perspektivalary [National system of assessing Kazakh language proficiency – the current state and development prospects of KAZTEST]. In *Bilim men gylymdy damytudyn khalykaralyk tazhiribesi* [International experience in the development of education and science] (pp. 88–94).
18. Adilbekova, Zh. B. (2022). KAZTEST zhuiesinin tildik bilimdi bagalaudagy manizy men kyzmeti [The importance and function of the KAZTEST system in language knowledge assessment]. *Bilim. Gylym. Innovatsiya* [Education. Science. Innovation].
19. Adilbekova, Zh. B. (2024). *Gylym zhane bilim – 2024* [Science and education – 2024]. XIX International Conference.
20. Adilbekova, Zh. B. (2023). Memlekettik tildi damytudagy Kaztesttin orny men memlekettik bagdarlamaga saikes otkizilgen testileu natiizheleri [The role of Kaztest in the development of the state language and testing results conducted in accordance with the state program]. In *International Scientific and Practical Conference materials* (pp. 54–59).
21. Yersultanova, G., & Serdalina, S. (2024). KAZTEST: Test administration procedures and experience. *Educational Assessment and Policy Review*, 5, 201–210.

Авторлар туралы мәлімет:

Садық Ұлжан Расылханқызы (автор-корреспондент) – филология ғылымдарының магистрі, ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК ҚАЗТЕСТ жүйесін дамыту жөніндегі басқарма, Тестілеуді ұйымдастыру бөлімінің басшысы, Астана, Қазақстан, e-mail: u.sadykova@mail.ru

Мақыбаева Асель Кенжебековна – тарих бакалавры, ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК ҚАЗТЕСТ жүйесін дамыту жөніндегі басқарма, Тестілеуді ұйымдастыру бөлімінің жетекші сарапшысы, Астана, Қазақстан, e-mail: a_kaskataeva07@mail.ru

Нуримбетов Нурбек Батирханович – Астана халықаралық университетінің магистранты, ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК ҚАЗТЕСТ жүйесін дамыту жөніндегі басқарма, Тестілеуді ұйымдастыру бөлімінің жетекші сарапшысы, Астана, Қазақстан, e-mail: a_kaskataeva07@mail.ru

Сведения об авторах:

Садық Ұлжан Расылханқызы (автор-корреспондент) – магистр филологических наук, начальник отдела организации тестирования Управления по развитию системы КАЗТЕСТ РГП на ПХВ «Национальный центр тестирования» МНВО РК, Астана, Казахстан, e-mail: u.sadykova@mail.ru

Мақыбаева Асель Кенжебековна – бакалавр истории, ведущий эксперт отдела организации тестирования Управления по развитию системы КАЗТЕСТ РГП на ПХВ «Национальный центр тестирования» МНВО РК, Астана, Казахстан, e-mail: a_kaskataeva07@mail.ru

Нуримбетов Нурбек Батирханович – магистрант Международного университета Астана, ведущий эксперт отдела организации тестирования Управления по развитию системы КАЗТЕСТ РГП на ПХВ «Национальный центр тестирования» МНВО РК, Астана, Казахстан, e-mail: nurbekrm7@gmail.com

Information about Authors:

Sadyk Ulzhan Rasykhankyzy (corresponding author) – Master of Philological Sciences, Head of the Testing Organization Department, Department for the Development of the KAZTEST System, National Testing Center RSE on REM, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, e-mail: u.sadykova@mail.ru

Maqybayeva Assel Kenzhebekovna – Bachelor of History, Leading Expert of the Testing Organization Department, Department for the Development of the KAZTEST System, National Testing Center RSE on REM, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, e-mail: a_kaskataeva07@mail.ru

Nurimbetov Nurbek Batirkhanovich – Master’s Student, Astana International University, Leading Expert of the Testing Organization Department, Department for the Development of the KAZTEST System, National Testing Center RSE on REM, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, e-mail: nurbekrm7@gmail.com